

2019 жылдың 12 қарашасында «Пайдалы кнорындарын қазып өндіру» кафедрасында, проф. Исабек Т.К., аға оқытушылар Зейтинова Ш.Б., Жүніс Г.М., Жұмабеков М.Н. студенттерімен бірге С.Сейфуллиннің 125 жылдығына дөңгелек үстел өткізді. Осы шарада тау-кен факультетінің «Тау-кен ісі» мамандығының ГД-17-1, ГД-17-4, ГД-17-2 топ студенттері белсенді қатысты. Сонымен қатар, осы арнайы шақырылған қонақтар зейнеткер, қоғам қайраткері, рулас туысы - Әліп Жайлыбай; зейнеткер, ақын, күйші, рулас туысы - Тұңғышбай Игенбеков және «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы Касимова Сауле Сүйіндіковна қатысты.

Кездесу барысында Қазақтың аса көрнекті әдебиет өкілдерінің бірі Сәкен Сейфуллиннің өмірбаяны, өлеңдері талқыланды.

Әліп Жайлыбай С.Сейфуллиннің музыка, әдебиет саласындағы жасаған еңбектері туралы әңгіме айтты. Тұңғышбай Игенбеков С.Сейфуллиннің «Тоқа» атты күйін орындады. Сауле Сүйіндіковна студенттер алдында ақынның өмірі туралы дәріс оқып берді. Проф. Исабек Т.К. С.Сейфуллиннің саяси қызметі жөнінде «Алаш Орда» қайраткерлерімен болған қарым-қатынасы туралы студенттердің сұрақтарына жауап берді.

